

# ЖАРКЕНТ

## Айнасы

№5 (8), 8 наурыз, жұма, 2019 жыл, jar-aina@mail.ru



### АҢЫЗ БЕКСҰЛТАН



### ӘЛЕМДІ ШУАҚҚА БӨЛЕГЕН...

Құрметті Жаркенттің ардақты аналары мен қыз-келіншектері! Сіздерді шұғылалы көктемнің алғашқы мерекесі – 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Әйел – әрқашан нәзіктіктің, ізгіліктің, әсемдіктің, жан жылулығы мен мейірімнің бастауы болған. Шаңырақтың құтын, ырысын кіргізетін, ағайын-туыстың береке-бірлігінің ұйытқысы болатын, ең бастысы ұлтымыздың болашағы – балаларымыздың тәрбиесімен айналысатын да – Әйел-Ана! Барша қазақ әйелдері қоғамның әлеуметтік-экономикалық, мәдени дамуына, өрлеуіне айрықша үлес қосуда. Сондықтан да мейрамның жарқын күні адамзаттың осы нәзік бөлігіне ақ жүректен алғыс айту ләзім.

«Жетісу – жердің құты, Жаркент – ананың сүті» дегендей туған жердің төсін аймалап өскен, ғұмыры ғибратқа толы аналарымыз бен мемлекеттік қызметте, бизнесте, руханият саласында жанын сала еңбектеніп жүрген қыз-келіншектер, қарындастарымыздың елге сіңген ерен еңбегі жайлы әрдайым газетімізде материалдар жариялап отырамыз. Бұл – Сіздердің сергектіктеріңіз бен күш-жігерлеріңізді еселейтін қуат көзіне айналады деген сенімдеміз!

Көктемнің шуақты күніндей нұрланып, гүліндей құлпырып, отбасында, ұжымда, ағайын-туыс ортасында аман-есен жүре беріңіздер! Сіздерге ұзақ та мағыналы өмір, мықты денсаулық, берекелі дастархан бұйырсын! Шаңырақтарыңызда шаттықтың салтанат құруына тілектеспіз.

Ізгі ниетпен,  
Бас редактор  
Молот СОЛТАНАЕВ



**Әбіш әлеміне ену үшін, «Үркер» мен «Елең-алаңды» қайта шолдым. Басқа шығармаларының жөні бөлек, ал бұл екі романға Әбіш аға жанын салды. Арада екі ғасыр өткенде Әбілқайыр ханды Ресей жеріндегі ел тағдырын шешкен кездесуге қайта апарып келудің салмағы екі өліп тірілгенмен бірдей болған-ақ шығар. Сонда қайраткер қаламгер Әбілқайыр ханды қыл көпірден қалай өткізді, ол туралы «Аңыз Әбіш» атты мақаламда жаздым.**

Ал Оралхан әлеміне ену үшін, «Мұзтауды» қайта оқуыма тура келді. Басқа шығармаларының орны бөлек, ал «Мұзтауда» Оралхан өз биігін көрсеткісі келгені хақ. «Мұзтау» әйгілі Берел қорымының құпиясы ашылардан жиырма екі жыл бұрын жазылған хикаят. Берелде қарағайдың діңінен қақ жарып жасалған астау-табыт терең тоң қабатынан аршылып алынса, «Мұзтауда» кейіпкердің іздеген шындығы да терең мұз қоймасынан табылады. Ол туралы «Аңыз Оралхан» атты мақаламда жаздым.

Енді Бексұлтан әлеміне ену үшін, «Әй, дүние-ай» романына тағы бір көз жүгіртіп өту керек болды. Себебі, бұл романында ол қоғамдық өміріміздегі өз жеке басын үлкен дауларға қалдырған мәселелерді бір жағына шығаратындай көрінді. Кітапта көтерілген он алтыншы жылдың оқиғасына ол даулардың тікелей қатысы жоқ болса да. Тіпті олай ойламайын десең де романды қолға алғанда авторының әдеби өміріміздегі беймаза адамдардың бірі екені еріксіз

еске түсе береді.

Оқығандардың екі пікірін бөлек-жарып айтқымыз келеді. Халықшылдауы, Әуезовтің «Қилы заманында» көтерілген тақырыпты қайта жазуға батылы жетіпті. Ресмилеуі, «Әй, дүние-ай» арқылы жазушы тәуелсіздіктің көркем баянын жасапты. Ал, өз пікіріміз, романды қара сөзбен жазылған баллада деуге де болар еді. Ойға түйгеніміз, мұның артында «мен жазбасам кім жазады?» деген ерлік жатыр. Нәтижесі, роман мемлекеттік сыйлыққа ұсынылды. Соңғы айналымға қатар жеткен жүз томдық «Бабалар сөзінің» қасында тау көтерген Толағай құсап тұрды.

Қалай дегенде де жүз томдықтың салмағы оңай емес. Бірақ ұсынылғандар жүз томдыққа кірген авторлар емес, жүз томдықты құрастырушылар. Құрастырушы болса да дүмі диірмен тартып тұрғаны бесенеден белгілі. Бізде әр мемлекеттік сыйлықтың тұсында есте қалатын «әй, үй» деген одағай бір сөз айтылып қалады. Бұл жолғы есте қалатын сөзді: «Мемлекеттік сыйлықты» бір алса Бексұлтан ағам алсын, одан өтіп кетсе мен алуға тиістімін», – деп Рақымжан Отарбаев айтты. Кейін бәрі ұмытылса да, Рақымжанның осы тентек сөзі ұмытылмайтын шығар деп біз отырдық.

Ал басқалар жол берейін деген жоқ, қайта: «Қыз-қырқын туралы кітапқа мемлекеттік сыйлық беруге бола ма?» – деп ығыстырып тастағысы келді. Шынында да Бексұлтан Нұржекеұлы бұл сыйлықты әйел тақырыбына жазған романдары үшін әлдеқашан алуы керек болатын. Мысалы, «Алаш айнасы» атты ақпараттық

портал жазушының көп томдығы жарық көргенде: «Қыз сезім», «Күтумен өткен ғұмыр», «Ерлі-зайыптылар», «Күнәлі махаббат», «Бір өкініш, бір үміт» секілді шығармаларын оқығаннан кейін әлемде Бексұлтан Нұржекеұлы секілді адам жанын, әйел жанын түсінетін ер азамат жоқ шығар деген ойға қаласың», – деп жазған екен.

Осы сөзді оқырмандардың аузынан қанша рет естідім екен? Мұның ар жағында «қоғам жаны» деген сөз сұранып тұр. Ол қоғамды әйел жаны арқылы түсінуге жол салған жазушы. Әйел жанын айна деп ұғынып, сол айнадан көргендеріне құлай сенген адам, негізі, адаспаған. Оның оқырмандарының көп болуының бір себебі сондықтан болса керек. Шығармашылық табиғаттарының ұқсастығына қарап, «Бексұлтан – прозадағы Мұқағали» деп қалғанды да сол себептен еді.


Қабағында мұң бар адамдардың бәрі Мұқағалиды оқиды. Көңіліне қаяу түскен жандардың барлығы Бексұлтан оқыған жылдар да болған. Ондай оқырмандарды қоғам да, саясат та, тарих та қызықтырмайтын. Олардың мұңы ортақ әрі уайымы біреу-ақ сияқты көрінетін. Жаратушыдан бір-ақ рет берілетін өмірді бірге өткізіп келе жатқан ерлі-зайыптылардан жақын кім бар? Енді сол адамдар бір-бірімізді адаспай тапқан жандармыз ба, бір-бірімізді түсіну үшін қандай жолдардан өттік, арамызда пайда болған кедергілерді жеңе алдық па өзі деп сыр ашысады. Ең қызығы да, керегі де сол, бұл романдан әркім өзін іздейді және өзін сол романның ішінен табады да.

«Ерлі-зайыптылар» – көп жыл отасқан жандардың өмір тәжірибесін сыр ғып айтқан шығарма. Онда мына нәрсені өнеге қылайын, өкініштеріммен бөлісейін, біреуге сабақ болсын деген мақсат жоқ. Отбасылық өмірдің құпия да тылсым сырлары қалай болды, солай шертіледі. Автор да кейіпкерлеріне қосылып егіліп, жүрегі езіліп кетпейді. Әңгімелерін өз ауыздарымен айтқызып, сырттай бақылаумен шектеледі. Бұл жағынан кейіпкерлері қандай да бір идеялық қысымға түспейді. Қайта үлкен идеяларға оларды өмірдің өзі әкеледі. Шығарманың шынайылығын арттырып тұрған осы ерекшелікті оқырман да өгейсімей, өзіміне қабылдайды.

Мен «Ерлі-зайыптыларды» түрмеде қалай оқығанына куә болдым. Түрмеде түзелмейтін адамдар ғана жатпайды. Аtpалдай бір азамат басына іс түсіп, қамалып қалды. Талдықорғанға халін сұрап бардым. Сондағы оның бірінші айтқан жаңалығы жазушы Бексұлтан Нұржекеұлының осы аталған романын қалай көргені болды. Оның айтысынша кітапты кезек-кезек алып оқығандар жол арасына өздерінің мұңдары мен сырларын бос жер қалдырмай жаза беріпті, жаза беріпті. Сөйтіп баспадан тасқа басылып шығып, аяғында түрмеден табылған кітапты өздерінің сырласу құралына айналдырып алыпты. Кейін сұрастырғанымызда, қазынаның мүлкін бұрдырды деген әңгімеден қашты ма, кітапты қолымызға бермеді.

**Қазақ халқы ерте заманнан бері қоныстанып билік жүргізген өңірлеріндегі ұлан-ғайыр кең далада көне шежіре бойынша қазақтың үш жүзінің құрамын толықтырған, тіпті қазірге дейін байырғы атын өз қалпында сақтаған тайпалар және ұлыстардың жасағандығы тарихтан мәлім. Олар қоныстанып өмір сүрген өңірді XIII ғасырдың басында араб, парсы тарихшылары «Дешті Қыпшақ» деп атаған. Ал XV ғасырдан кейінгі тарихшылар мен этнографтардың «Қазақ даласы» деп атағаны жұртқа аян. Міне, осы күннің шығысынан - батысына дейін біршама аумаққа дейін созылып жатқан Ұлы дала, Керей мен Жәнібек туын тігіп, негізін қалаған Қазақ хандығының алтын бесігі.**

Қазақ хандығы Жетісудың батысында XV ғасырдың 60-жылдарының орта шені мен 70-жылдарының басында пайда болды, сондай-ақ, Жетісу тайпалары мен руларының ұлы жүзге бірігуінің нәтижесінде моғол шонжарлары мен хандарының осы аймақтағы билігі жойылды. Әбілқайыр хандығы ыдырағаннан кейін нақ сол этникалық аумақта, сол шаруашылық-экономикалық жағдайларда билеуші әулет қана алмасып Жошы ұрпақтарының бұрынғы тармағының билігі қалпына келтірілді. Қазақ хандығы Ақ Орда, Әбілқайыр хандығы мемлекеттігінің және жоғарыда айтылған басқа да



## Жетісудың дара биі

мемлекеттердің тікелей жалғасы болды.

Иә, біздің батыр бабаларымыз қазіргі ұлттық республикамыздың шегінде Қазақ Ордасы аталатын айбынды мемлекет құрды. Бұл қуатты ұлыс төрт жүз жыл бойы кең даланы еркін жайлап, өзгеше ұрпатты озық мәдениет жасады. Бай болды, бағлан болды, елімізді, жерімізді еркін сақтап тұрды, ешкімге кеудесін бастырған жоқ. Нәтижесінде осыншама бай, ұлан-байтақ жерді иеленіп, өзіне лайықты ұрпақ өсірді. Қазақ Ордасы құрылғанда алдымен ата - баба дәстүрімен Жошының Орда Еженінен тарайтын жасы үлкен Керей ақ киізге хан көтеріліпті. Керейдің нақты қай жылы қайтыс болғаны белгісіз. Одан соң Жәнібек хан өмір жүргізеді. Жәнібек - қазақ жұртының іргесін бекітіп, ордасын орнықтырған ұлы хан ғана емес, сол халықтың бар игілігіне ұйытқы болған ұлы әулеттің де негізін салушы.

Мәселен, Қазақ Ордасының құдіретті әміршілері, қазақ халқының ұлы перзенттері: Қасым хан, Хақ-Назар хан, Әз-Тәуке хан, Абылай хан, ең соңы Кенесары хан, ұлы ғалымдарымыз Шоқан, Алашорда көсемі Әлихан Бөкейханов - барлығы да осы шынжыр балақ, шұбар төс Жәнібек ханның тікелей ұрпақтары еді. Аңыз - деректерге сай «Тауарих хамсада» жазылуынаша, қазақты үш жүзге бөлген тұңғыш хандары - Керей, Жәнібек, Қасым, Хақназар, Тәуекел, Есім, Тәуке, Жәңгір т.б. хандардың хандықты нығайтуының арқасында, қазақтың өзіндік әдет-ғұрып заңдары қалыптасты. Бұл заңдар «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысы» болды, бұл біздің мемлекетіміздің кемелдену жолынан өткенінің бірден - бір тарихи дәлелі.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында қазақ халқының өшкенін жандырып, өлгенін тірілті. Әр буын өкілдері ата - баба даңқына даңқ қосып, абыройын арттырды. Бүкіл дүниежүзі алдында беделін биіктете білген елдің ғана болашағы жарқын, мерейі үстем болатынын дәлелдеді. Осы тұрғыдан келген кезде елін басқарып, ұрпағына ұлан - ғайыр қоныс қалдырған би, батыр бабаларымыздың биік рухы қазақтардың, әсіресе жаңа буын арасында аса зор патриоттық өрлеу туғызып, ұлт тарихына деген мақтаныш сезімін ұялатады.

Ұлы бабалардың биік рухына барлық ұрпақ айрықша құрметпен бас иіп, ризашылығын білдіріп келеді. Олардың ұлтқа сіңірген ұшан - теңіз еңбегі әрдайым ел есінде сақталады және оны сақтау еліміздің әрбір азаматының алдындағы

Әбілқайырдың 1731 жылы Ресей бодандығын қабылдауы, кейін, сол бодандықтың шырмауынан шығу үшін Сырым Датұлы, Кенесары Қасымұлы, Исатай мен Махамбет, Есет батыр т.б. бастаған ұлт - азаттық күрестер мен 1916 жылғы тар жол тайғақ кешу, 1930-1932 жылдардағы ашаршылық, 1936-1938 жылдардағы қуғын-сүргін, сондай-ақ, 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы мен 1986 жылғы «Желтоқсан оқиғасындағы» қазақ жастарының қанымен келген бұл тәуелсіздік қазақ халқы үшін оңайға түспеді. Иә, сол бір ат ауыздығымен су ішкен алмағайып заманда елді, жерді сақтап қалуда қазақтың хандарымен, батырларымен бірге, үш жүзге әйгілі Төле, Қазыбек, Әйтеке билерімен қатар, қабырғалы қалың еліміз қазақтың басқа да би - шешендері де зор еңбек сіңірді.

Солардың бірі емес, бірегейі, ел бірлігінің шайқалмауына жан аямай атсалысқан - Ұлы жүз Суан тайпасының Ақша руынан шыққан Қожбанбет би Ебейұлы. Отыз жасында орда бұзып, шешендігімен, батылдығымен аймаққа аты шығып, Ұлы жүздің биі болды. Әйгілі Абылай ханның ұрпағы Тезек төренің бас биі атанып, Ұлы жүздің, оның ішінде Суан баба ұрпақтарының Ресей империясының қоластына өтуінде ел ағасы ретінде қолын қойып, мөрін басқан. Қайсар қазақтың дара тұлғаларының бірі - Қожбанбет би XIX ғасырдың 80-ші жылдары Шығыстағы Қытай мен Батыстағы Ресей империяларының келісімдеріне сәйкес Қорғас шекара бекетінің белгіленуіне байланысты Шығыс Түркістан аймағындағы бүкіл Суан руын Жаркент өңіріне қоныстандыруда ерекше қайраткерлік көрсеткен дара тұлға. Жетісу аймағына аты танымал Қожбанбет би әйгілі Тезек төренің төбе

биі болғандығын жоғарыда айтып өттік. Сондай-ақ, жыр алыбы Жамбыл бабамыздың пірі, мұқым қазаққа мәшһүр Сүйінбай ақынмен сырлас, кезінде айтыстың небір мұзбалақтарын мүдірткен, қалың қауымды сүйіндірген айтыскер ақын Бақтыбай Жолбарысұлының жолын ашып батасын берген, қырғыздың ақыны Қатағанмен қарайлас болған әулие, би, шешен, туған елінің қайыспас қараны - Қожбанбет би бабамызға аудан орталығы Жаркент қаласынан көше беріліп отыр. Біздің ел болып, әлемге танылуымызда осындай аруақты бабаларымыз бен елі мен жері үшін жаны мен қанын аямаған біртуар даналарымыздың арқасы екендігін ұмытпағанымыз абзал.

Аталмыш би, батыр бабаларымызды кейін ұрпаққа өнеге тұту, дәріптеу, кең көлемде насихаттау аға ұрпақтың сүбелі үлесі екендігін ұдайы жадымызды ұсағанымыз жөн. Тұғырлы көк байрағымызды аспанда желбіретіп ұстау енді келешегі кемел, білімді болашақ ұрпақтың еншісінде. Ата-бабаларымыздың аңсап келген «Мәңгілік ел» болу өсиетінің тарих сахнасында қайта жаңғыруы, Қожбанбет бабадай көрегендігі мен даналығы ұштасқан ұлтымыздың біртуар, ерен тұлғаларының еңбегі екендігі айдай анық. Бүкіл дүние жүзі халықтары бүгінгі күнде қазақ халқын картадан ғана емес, оның жер байлығы мен экономикасы дамыған алдыңғы қатарлы мемлекеттердің санатындағы ел ретінде тануы, Тәуелсіздіктің көк байрағын, әнұраны мен рәміздерін, халқымыздың мәдениетін, салт-дәстүрін дүниежүзінің мойындауының өзі мемлекетіміздің сыртқы саясатының жемісі екендігі баршамазға аян. Мәңгілік Ел - елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі. Себебі, қазақтың бүкіл тарихы - бірігу тарихы, тұтастану тарихы. Ол «Қазақстан - 2050» Стратегиясының ғана емес, XXI ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры! Жаңа Қазақстандық патриотизм дегеніміздің өзі - Мәңгілік Ел! Отанды сүю - бабалардан мирас болған ұлы мұраны қадірлеу, оны көздің қарашығындай сақтау, өз үлесінді қосып, дамыту және кейінгі ұрпаққа аманат етіп, табыстау деген сөз.

Елбасымыздың өз кезегінде «...Жалпы жұртыңды, иісі Алашыңды құрметтеу - алдымен өзің тұрған өлкенің тарихын, табиғатын танудан, адамдарды ардақтаудан басталады» дегені осындай ізгі іс-шаралардың ұрпаққа өнеге екендігін көрсетіп тұрғандай. Тарихы, тілі, діні, салт-дәстүрі ғасырдан-ғасырға ұласып, ата-бабаларымыздың мұра етіп қалдырған жерін, байлығын бүгінгі күні «Мәңгілік Ел» болашақ ұрпақтары жалғастырады және ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп қалдырады деп кәміл сенеміз. Ұлы тұлғаларымызды ұлықтау жалғасын таба берсін. «Елім» деп өткен ерлерін елі ешқашан ұмытпас! Отанымыз көркейіп, Қазақ елінің даңқы арта берсін!



Қали  
ИБРАЙЫМЖАНОВ

## Жаркенттегі жағымды жаңалық



парыз. Қазіргі таңда бүкіл Суан елінің ұйытқысы болған Қожбанбет бабаның атына көше беруге дайындық жұмыстары жүргізіліп жатыр. Осыған байланысты жуырда аудан әкімдігінде мәслихат хатшысы Ерғали Шоқпаровтың бастамасымен комиссия мүшелігі құрылды:

Шоқпаров Ерғали  
Жайшыбеков Қабди  
Илипов Марат  
Диқанбаев Қуаныш  
Байжұма Абдығани

Жаркент қаласындағы Жаңа Ықшам аудан тұрғын үй кешеніндегі Қожбанбет би көшесінің салтанатты ашылуы өтпек. Салтанатты ашылу рәсіміне Суан елінен тараған Бәйтүгей, Тоғарыстан ұрпақтары атсалысса нұр үстіне нұр болмақ.

Қабди ЖАЙШЫБЕКОВ,  
Комиссия мүшесі.  
Жаркент қаласы.

Болат ҚҰРСАҚБАЙҰЛЫ:

# Наурыз келді, құт келді, қуат келді...



## ЖАРКЕНТ – АЛТЫН МЕКЕНІМ

Айбатты Арқас таудың бөктерінде.  
Мың сапар тарйық жазған өткеніне.  
Сан белесті шежіре етіп жатыр міне,  
Жаркент – ұлы құрлық өткелінде.

Жібек жол бабалардың салған ізі.  
Тоқтамай керуенді көш жазы-күзі.  
Ұлы дала төсінде бұл өңірді,  
Мойындаған сауда мен дүние жүзі.

Басын сүйеп ақ бас шың Арқасына.  
Елік, Марал, Тау ешкі жартасында.  
Аяғын Іле өзені бөліп жатыр,  
Гүлденген қаланы алып ортасына.

Төрт түлік мал төскейі тұнған бақыт.  
Жеміс-жидек, бау-бақша иісі аңқып.  
Киелі ағаш, Арасан, Орбұлағы,  
Келген жанды алады баурап тартып.

Жүгері – алтын астық, жасыл алқап.  
Крахмалын шетелдік алар мақтап.  
Әр ұлт халқы бір ананың  
баласындай,  
Келеді береке мен бірлік сақтап.

Осындай Жаркенттің қойнауы құт.  
Нұркент бой көтерді жасыл жақұт.  
Темір жол күні-түні дамыл таппай,  
Боздайды боз атандай жүгін артып.

Дүниеге есік ашып Алтын Көлі.  
Жайнады құмды алқап, қуаң жері.  
Еуропа құрлығына кетіп жатқан,  
Вагоннан қайысады жердің белі.

Өркендеп қаласы да, даласы да.  
Ұрпақтың білім құйып санасына.  
Күрестен дүниені мойындатқан,  
Ел риза Нұрбақыттай баласына.

## ОРБҰЛАҚ

Қар басқан Арқас таудың  
қатпарында,  
Әйгілі Белжайлаудың шатқалында.  
Үш жүз жетпіс бес жыл бұдан бұрын,  
Татитын шайқас болған мақтануға.

Жоңғардың аласұрып тұрған кезі,  
Қазақтың ата жауы нағыз өзі.  
Бейбіт жатқан берекелі қалың елді,  
Таптауға өскен екен арам безі.

Елу мың қолын жинап аттаныпты,  
«Қазақты жоямыз» деп мақтаныпты.  
Сол кезде бабаларым айла асырып,  
Ор қазып жолын кесіп сақтаныпты.

Салқам Жәңгір қазаққа ұран тастап,  
Алты жүз әскерменен жауды  
жасқап.

Қалмақты қан қақсатып қойша  
қырды,  
Жай түскендей төбеден жатты  
таптап.

Кең даламнан жиналған өңкей  
батыр,  
Жау жүрек ерек екен мыңға татыр.  
Тау жаңғыртып аттандап  
қамауға алып,  
Орнатыпты бастарына заман ақыр.

Осындай бақ пен сордың арасында,  
Айналыпты қан майдан борасынға.  
Жалаңтөс Баһадүрдей батыр бабам  
Көмекке келген екен сол арада.

Дұшпанның үні өшіп, десі қайтып,  
Даламыздан безіпті кеші батып.  
Шешуші шайқас болған осы ұрысты,  
Халқымыз «Орбұлақ» деп кеткен  
айтып.

Тағдыр-ай, кім салмаған қазақты  
отқа,  
«Мың өліп, мың тірілген»  
машақатқа.  
«Орбұлақ» деп аталса ауданымыз,  
Ие боп тұрар еді нағыз атқа.

## НАУРЫЗ КЕЛДІ

Наурыз келді, ағайын, ырыс келді.  
Бусандырып ақ желек күміс жерді.  
Қыраттарда қасат қар тершіп жатса,  
Күнгейлерде бәйшешек бүршіктеді.

Наурыз келді, береке, бірлік келді.  
Он сегіз мың ғаламға тірлік келді.  
Ұзын сары құдаға сақтап қойған,  
Алып шықты әз әже жіліктерді.

Наурыз келді, құт келді, қуат келді.  
Маужырап күн, манаурап шуақ  
келді.

Қыдыр ата қыдырып әр ауылды,  
Берекеге шақырды мұратты елді.

Наурыз келді, әр үйде қазан  
қайнап.  
Қыстан аман шыққанын жатыр  
тойлап.  
Күнменен түн теңеліп наурыз да,  
Мәре-сәре халқым жүр күліп-ойнап.

## ҰҒЫП АЛ

Жүйріктің де сыны бар.  
Жақсының да міні бар.  
Қылшылдаған қылыштың,  
Қылауын жапқан қыны бар.  
Әлемге түскен жарықтың,  
Тас қараңғы түні бар.  
Азулы арлан қасқырдың,  
Жер астында іні бар.  
Бір тал қисық шегенің,  
Өз алдына құны бар.  
Ел басқарған ханның да,  
Біз білмейтін мұңы бар.  
Түпсіз терең шыңыраудың,  
Қол жететін түбі бар.  
Жаратушы Алланың,  
Адамзат деген құлы бар.  
Халқым деген басшының,  
Көптен басқа кімі бар?!  
Тексіз дінсіз басшының,  
Жемқор деген жыны бар.  
Отаным деп, елім деп,  
Олар қашан ұғынар.  
Арын сатып ақшаға,  
Барған сайын құнығар.  
Тау биікпін дегенмен,  
Оның да асқар шыңы бар.  
Су тұнықпын дегенмен,  
Түбінде жатқан құмы бар.  
Жалғыздың да үні бар.  
Құмырсқаның да күні бар.  
Ойланыңдар жігіттер,  
Әр нәрсенің сыры бар.  
Әр заманның қыры бар.  
Шексіз, шетсіз дүниенің,  
Заңдылығын ұғып ал.

## АЛАШ РУХЫ СӨНБЕЙДІ

Өмірдің мәні,  
Көңілдің сәні,  
Адалдық – ардың қуаты.  
Жақсының жаны,  
Ізгілік дәмі,  
Береке – бірлік суаты.  
Алланың берген ғұмыры,  
Адамзаттың тұғыры.

Береке, бірлік,  
Тыныштық, тірлік –  
Ұлы дала талғамы.  
Ел үшін ерлік,  
Азаттық дерлік –  
Алаш орда арманы.  
Көтеруге көк туды.  
Қазақ халқы бел бұды.

Желтоқсан желі,  
Азаттық лебі,  
Алаштың ізбасарлары.  
Тапталмай арын,  
Төккен ғой арын,  
Ұлтымның жанашырлары.  
Рухы биік алашым,  
Көтерді қазақ санасын.

Ұраным – Алаш!  
Болмасын талас.  
Ұлы жолын жалғайық.  
Бөлінбей жүзге,  
Қалдырған бізге,  
Арманынан таймайық.  
Қыран құстай самғайық.  
Алауыз әсте болмайық.  
Күн нұрындай жайнайық.  
Ұрпақтың қамын ойлайық.

## ОТАНЫМ СЕН ДЕП

Отаным сенің мерейің деп келдім.  
Бойдағы барды берейін деп келдім.  
Елім деп туған, еңіреп туған,  
Отаншыл ерге ерейін деп келдім.  
Бабалар рухы қолдаған елге,  
Тыныстап өсіп-өнейін деп келдім.  
Тыныштық тірлік бірлікті бұзған,  
Сұмдармен алысып, өлейін деп  
келдім.  
Шаттықпен туған ұрпақтар үшін,  
Шаттанып бірге күлейін деп келдім.  
Кең-байтақ осы өлкеміз үшін,  
Маңдайдан терді төгейін деп келдім.  
Шет асып бір кез қапыда кеткен,  
Бабалар ісін төлейін деп келдім.  
Бір тамшы термен, бір тамшы  
қанмен,  
Арманның гүлін егейін деп келдім.  
Отаным сенің арайың деп келдім.  
Шүлен шуағыңа қанайын деп келдім.  
Сұлтан болып жүргенше шетте,  
Ұлтаның болып қалайын деп келдім.  
Отаным сенің нуың деп келдім.  
Қазақи кәусар суың деп келдім.  
Жер шарының желкенін ұстап,  
Белінді бекем буын деп келдім.  
Ғасырлар бойы жоғалып кеткен,  
Көк жасыл көркем туың деп келдім.

## ТАУҒА БАРЫП ҚАЙТАЙЫҚ

Тауға барып қайтайық, тауға барып.  
Көк шалғынға жатайық аунап алып.  
Қарғалдағы мұз жарған  
жартастармен,  
Қызғалдағы гүл ашқан маңға барып.

Бабам бізге қалдырған бұл даланы.  
Аралайық көк жасыл гүл даланы.  
Тауда өскен қара шал, қара кемпір,  
Біз бармасақ ағайын мұңданады.

Барайық анау белең қыраттарға.  
Шөлді басып қайтайық бұлақтарға.  
Ұлы тауда ұлан-асыр өмір жатыр,  
Амандасып қайтайық жұраттарға.

Тауға барып қайтайық кең  
тыныстап.  
Бал бұлағын ішейік қос уыстап.  
Қарағаймен қайыңды аралайық,  
Бұғауланбай еркін өскен елге ұқсап.

Тауда жатыр ұлылық ұлағатта.  
Кеңдікте сан ғасырғы мұрағатта.  
Тауда жатқан қазақтың қан мен  
терін,  
Көрсетейік кейінгі жұрағатқа.

## ӨМІР ДЕГЕН

Өмір деген – өгей ана жетім қыз.  
Өмір деген – жауын-шашын қатқан  
мұз.  
Өмір деген – белең, белес, асқар  
шың.  
Өмір деген – ойлы-шұңқыр,  
шыңырау құз.

Өмір деген – алыс-беріс, арпалыс.  
Өмір деген – барыс-келіс қалтарыс.  
Өмір деген – ақ пен қара, күн мен  
түн.  
Өмір деген – жалбарыну, жалтарыс.

Өмір деген – өзін-өзі тауысу.  
Өмір деген – құшақ жаю, қауышу.  
Өмір деген – әке, бала, немере,  
Өмір деген – ғасыр, ғайып, ауысу.

Өмір деген – өкініш пен өтірік.  
Өмір деген – тау тағысы, бөлтірік.  
Өмір деген – топырақ татыр  
тойғанда,  
Өмір деген – тізгіні жоқ есірік.

Өмір деген – азаптану, арлану.  
Өмір деген – қасіретте қарману.  
Өмір деген – биіктерге қол жетпей,  
Өмір деген – өтірікке жалдану.

Өмір деген – зарықтыру, зарлану.  
Өмір деген – арпалыста алдану.  
Өмір деген – қисық сөзге қыртып,  
Өмір деген – шамырқану, шамдану.

Өмір деген – қайыры жоқ қаймана.  
Өмір деген – құм санайды пайдаға.  
Өмір деген – қайыршы мен байға да,  
Өмір деген – өтер, кетер жәй ғана.

Өмір деген – байлығыңа мастану.  
Өмір деген – топырақты жастану.  
Өмір деген – өркеші көп өзенде,  
Кірпік қақпай қайығыңды басқару.

Өмір деген – патшаға да тақ беру.  
Өмір деген – кедейге де бақ беру.  
Алаяқтар аңдып тұрып тасада,  
Өмір деген – жауыздықпен тап беру.

## АРЛЫ БОЛ БАЛАМ

Арлы бол балам, арыңды сатпа  
атаққа,  
Атаққа құмар жүреді ылғи қосақта.  
Қомағай болма, ашкөздік – ардың  
ажалы,  
Түсірер бір күн жетелеп барып  
тозаққа.

Біреулер жүрер атақты қуып шаң  
қылып.  
Біреулер жүрер көрсетіп елге паң  
қылық.  
Адалдықпенен биіктерге жеткенің,  
Адамдыққа да, азаматқа да тән  
қылық.

Мәнсапта емес, байлықта емес  
мәңгілік.  
Ханнан да қалған, байлар да қалған  
қаңғырып.  
Арлы бол балам, еліңді сатпа,  
жерінді,  
Отанды сүю – ерліктің ісі, заңдылық.

Көрге де кірер алтыннан қамал үй  
еткен,  
Жерге де түсер самғаған қыран  
биіктен.  
Адамбыз балам, адам боп мәңгі  
жүрейік,  
Жаратты Алла адамды ет пен  
сүйектен.



# БЕКСҰЛТАН



көтеріліп жүр десек, қателесер едік. Ол тақырыптардың ішінде не бар, санап көрейікші. Соның біріншісі, ол қазақ арасында дау болып жүрген өнер адамдарының ешбірінің тағдырынан шет қалмапты. Мысалы, Серіз Сері туралы өмірде болғаны шындық, ән шығарғаны рас, орыстың жиырма солдатты өлтірді деген жаламен қуғындалғаны да ақиқат деп төрт-бес мақала жазды. Ақын Сараны ақын емес дегендерге, «әй, ол Шоқан Өліміне жоқтау шығарған жағалбайлының үлкен ақыны Төрейбайды жеңді емес пе?» деп күйіп-пісті. Күләш Байсейітованың үстінен Мәскеуге арыз жөнелтіп, ақыры өліміне себепкер болған бәсекелестерін әшкерелеп жазғандарын да талай адам оқыды. Келешекте осы Күләш пен Мұқағали туралы жазған көркем әңгімелерінің астарында не бар деп, зерттеп көргендер елді елең еткізер бірер жаңалықтың үстінен түсуі әбден мүмкін. «Қазақ ақыны мен кәріс қызының арасында не болып еді, одан не қалды?» деген сауалдың жауабы түбі бір айтылатын да шығар. Сол сияқты, Әсет Найманбаев пен Шолпан Жанболатқызының әндерін басқаға теліп жібергендерге: «Апыр-ай, Затаевичте бар ғой, бұлардың не?» – деп тағы шыр-пыр болады.

Екінші-үшінші мәселенің Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баяны» мен Қазыбек бек Тауасарұлының «Түп-тұқияннан өзіме шейін» атты кітабының төңірегінде туындағанын жұрттың бәрі біледі. Екеуін де тауып әкеліп, басыдан шығаруға өзі бас болды. Бұл екеуі де бүгінгі тілмен айтқанда сенсация дәрежесінде қабылданды. Бірақ қарсы шыққандар да аз болған жоқ. Әсіресе «Түп-тұқияннан өзіме шейін» кітабы талқыға түскенде, кейінгі біз таулар соғысып жатқандай әсерде қалдық. Оның алды-арты Абылай, Әбілқайыр, Ханкелді, Райымбек, тағы да басқа хандар мен батырлар, тарихи шайқастар өткен жерлер жайындағы үлкен пікірталастарға ұласты.

Осы қатарға төртінші етіп Шыңғыс хан тақырыбын да қосуға болады. Мұны бұлайша бір жолмен бере салу обал. Қазақтың Мағжан бастаған «мен» деген ақын-жазушыларының бәрі Шыңғыс ханның тегі өзімізден екенін айтты да, жазды да. Солардың қатарында әдебиетші-ғалым Шерияздан Елеуқенов Бексұлтан Нұржекеұлының еңбегіне ерекше баға берді. Жазушы, өлкетанушы Бекеңбі Іле бойын шарлаған ізімен неге экспедиция жүргізіп көрмеске деген мәселе көтерді. Қытай архивін ақтарған Қойшығара Салғараұлы да біраз шындықтың бетін ашып келді. Оралхан Бөкейдің «Мұзтауындағы» ұлы қаған тақырыбы да «Шыңғыс хан қатын-баланың қарнын жарды» деген балладалардан әлдеқайда терең. Шырылдап Мағжан кетті, сүргіндеп Мағауин жүр, безілдеп Бексұлтан көкеміздің де жаны бір тұтыр емес. Осылар нені біліп жүр, іштерін ненің дерті алды, ойланып көруге тұрмай ма?!

Ал, бесіншісі талайлар кеше кетісіп, бүгін бекісіп үн қоса бастаған Орбұлақ шайқасы десек, оның да жоғарыдағы ұлан-асыр тақырыптардың жалғасы екенін көреміз. Жақында Оңтүстік Қазақстан облысында 375 жылдығы атап өтілген бұл шайқас Жетісу жерінде, Белжайлаудың бас жағында болған. 1643 жылы елу мың қолдан тұратын жоңғар әскеріне осы жерде Салқам Жәңгір бастаған алты жүз қазақ сарбазы қарсы тұрады. Ұрымтал тұстан арнайы қазылған оқпанадан оқ жаудырып, жоңғарларды қатты қырғынға ұшыратады. Сол аралықта Самарқаннан жиырма мың қолды бастаған Жалаңтөс баһадүр көмекке келіп жетеді. Сонда қонтайшы мән-жайды ұғуға келген орыс елшісіне он бір мың адамынан айырылғанын айтады. Орыс елшісінің архивте сақталып қалған сол тілкемдей дерегі болмағанда, Бексұлтан ағамыз күйіп те кетер еді.

Өйткені, 1993 жылы 4 шілдеде осы кісінің қозғауымен Орбұлақ шайқасының үш жүз елу жылдығын атап өту жөніндегі Үкімет қаулысы шыққан. Орбұлақтың бөгі етегіне 508 киіз үй тігілген. Салмағы оншақты тонналық

ескерткіш тасты таудың басына сүйреп шығару үшін сол кездегі 97751 әскер бөлімшесінің командирі Бақытжан Ертаев танкі жіберген. Оған тау-тасқа жүретін жергілікті техника қосылған. Сергей Терещенко бастаған үкімет мүшелері, Әбіш Кекілбайұлы бастаған қазақтың ақын-жазушылары, Шот-Аман Уәлиханов бастаған ғалымдар мен тарихшылар арнайы ат шалдырып келген. Жоңғардың әскеріне тойтарыс беру үшін сол заманда қазылып, бүгінде сілемі сақталған оқпана бойына тәуелсіз елдің жауынгерлері қаз-қатар тізіліп тұра қалып, гүрсілдетіп оқ атқан. Осының бәрі аңыз емей немене?

Жақында қазақ басылымдарына сілтеме жасалып жазылған «Как 600 сарбазов дали отпор 50-тысячной армии» атты орысша мақала оқыдым. Сонда: «Сегодня можно с полным основанием говорить, что это одно из уникальных сражений в мировой истории. В ней нет другого случая, когда 600 воинов бесстрашно вступили в бой с 50-тысячной армией. Мировая общественность хорошо знает о том, как древние греки в борьбе с персидскими завоевателями выставили 300 воинов против 20-тысячной армии персов. Об этом сражении, которое датируется 460 годом до нашей эры, снят фильм «300 спартанцев». Не значит ли это, что и нашим режиссерам стоит задуматься о подобном фильме? Он расскажет о подвиге наших предков и будет возвышать боевой дух современных защитников Отечества», – деген ойлы ұсыныс айтылыпты.

Шынында да режиссер Ақан Сатаев түсірген «Мың бала» көркем фильмі рухымызды бір көтеріп тастап еді. Баһадүр бабаларымыздың өзінен 83 есе көп жауға қаһармандықпен қалай қарсы тұрғаны да кең көлемді көркем фильмге сұранып тұр. Қала берді, кешегі өткен ауған соғысы туралы «9-рота», сондай-ақ екінші дүниежүзілік соғыс хақында «28-панфиловшылар» көркем фильмдері не үшін түсірілді, бұл да сол үшін түсірілуі тиіс. Басқаға сенгенде, өз бабаларымыздың қаһармандығына сенбейміз бе?

Бексұлтан ағамыз тау басындағы екі шақырымнан астамғы иір-қиыр сол оқпананы елу, бәлкім жүз мәрте адымдап жүріп өткен шығар. Мұндағы оқпана дегені орыс елшісінің жазбасында «шанец» деп беріліпті. Бекең оның оқпан қорғандың оқпана екенін В.И.Дальдің сөздігінен қарап білгендейді. Осы сілемінен оқпана екені, жалпы шайқастың осы жерде болғаны, ол жайында Қазыбек бек Тауасарұлының жазғаны, жергілікті халық арасындағы ауызша шежіреде айтылғаны, бәрі-бәрі күмән тудырып. Бірақ, ол кісі қасына нөкер ертіп, Орбұлаққа жылына бір-екі рет бармаса бойына ас батпайтын. Содан бергі жиырма бес жыл ішінде талайды жетектеп апарып көрсетті, талайды пікірінен қайтарды, талайды мойындатты. «Осының бәрінен шаршаймай-шалдықпай бір адамның істеуі мүмкін бе?» деп ойлайсың кейде. Неге бір-бірімізге бір нәрсені түсіндіру соншалықты қиын әрі азапты болып кеткеніне таңырқайсың. Бұл сұраққа да Бексұлтан Нұржекеұлы «Әй, дүние-ай» романында: «Өмірдің бәрі түсінікті болса, онда тіршіліктен мән кетер ме еді, кім біледі?» – деп жауап беріпті. Осы тақырыпты талмай қаузап жүрген Бексұлтан Нұржекеұлының жасы қазір жетпістің жетеуіне келді. Соған қарамай ол кісі «Әй, дүние-ай» романынан кейін міне, «Орбұлақ» романын да аяқтап, соңғы түзетулерін жасап болып қалды. Жазушының бұл романды кәдуілгі біз оқып, жазып жүрген қаріп көлемінен үш есе үлкен қаріппен жазып шығуына тура келіпті. Көзінің ғана сыр беріп тұрғаны болмаса, ағамыз әлі сыптай, жас адамдай сылыңғыр. Қырық жыл бұрынғы танысын: «Дауысыңнан таныдым», – деп жатқан адамның жадындағы жазулар да тасқа қашағандай әлі көмескі тартпаған. «Әбекеңмен әңгімелесіп келе жатырмын» деп, үйінің қасындағы Ә.Қастеев музейі жақтан келе жатқанында бір кездестім. «Әбекең дегені, музейдің алдына орнатылған тас тұғырдағы суретші мүсіні, сол жақтан өзімен-өзі болып

ақырын ыңылдап келеді екен.

Бексұлтан Нұржекеұлының «Күтумен өткен ғұмыр» атты романының рухында туған «Баркөрнеу» атты әні бар. Романға жазушының өзі қойған ат «Күтумен кешкен ғұмыр» екен. Баспадағылар қоймай «Күтумен өткен ғұмыр» деп қойыпты. Жазушы «ғұмырды өтпейді, кешеді» деп кейін қайта қалпына келтірген. Бірақ, бізге де баспаның қойғаны тез қабылданатындай көрінді. Міне, жазушы осы романының әсерімен әнін де, әуенін де осылай ыңылдап жүріп өзі шығарған. Сол әнінде:

*Атыңнан айналайын атамекен,*

*Кім сені Баркөрнеу деп атады екен?*

*Қайғы мен қаны да көремісің,*

*Саған да соның зілі бата ма екен? – деген жолдар бар.*

«Әй, дүние-ай» романын жазғанда да іштегі ыңыл маза бермесе керек. Ақыры аттас, рухтас тағы бір ән дүниеге келіпті. Бұл әнді белгілі әнші Нұржан Жанпейісовтің орындауында тыңдасаңыз, сіз де бір терең ойға шомасыз. «Әй, дүние-ай, шіркін, Өтерсің бір күн. Өтеріңді еске сап тұр, дүркін-дүркін», – деп келеді. Жоғарыда жазушының өз басын үлкен дауға қалдырған мәселелерді бір жағына шығарар ма екен деп қалдық емес пе? Иә, ол да бар бұл әннің сөзінде:

*Әй, дүние-ей, қандай едің бұдан бұрын,*

*Түгің жоқ түгенделген жұрым-жұрым.*

*Ақылын бабалардың алмадың ба,*

*Сарп еткен ел сақтауда бар ғұмырын.*

*Әй дүние-ай, шіркін,*

*Өтеріңді еске сап тұр,*

*Дүркін-дүркін.*

*Әй, дүние-ай, не боларсың бұдан бұлай,*

*Өмірді ете алмайсың бұрынғыдай.*

*Алауыз дегізбейтін бірлік берші,*

*Қазаққа болу үшін өзге ауылдай.*

*Әй, дүние-ай, не боларсың ақырында,*

*Соны ойлап басыңды сен қатырдың ба?*

*Сен дағы біз секілді мәңгі емессің,*

*Түбі кеп қисаярсың қасымызға, – дейді ән авторы.*

Сонымен, қош делік. Сөйтіп, міне, Бексұлтан

Нұржекеұлының көтерген алтыншы тақырыбы «Әй, дүние-ай» романындағы он алтыншы жылғы үркіншіліктен басталған тәуелсіздіктің баяны болып шықты. Бекеңді жақсы, басқаны жаман етіп көрсеткіміз келіп отырған жоқ. Бірақ, мемлекеттік сыйлық комиссиясының мүшелеріне: «Қыз-қырқынның әңгімесіне де мемлекеттік сыйлық бересіңдер ме?» – деп дау шығарғандардың болғаны рас. Жылқы тектес ағамыз жаңалық күтіп құлағын бір қайшыласа, мұндай сөздерді естіп екі қайшылап отырды. «Әй, осы кітапты мемлекеттік сыйлыққа ұсыналық деп жаныққан сендер едіңдер, ақыры басымы дау-шарға қалдырдыңдар» деп бізге де кейіген сынай танытты. Тұп-тура комиссияның соңғы шешімі шығатын күні шыдамы таусылып, ауылға кетті де қалды. Тамырын басып қоймақшы оймен телефон соққанымда: «Ақжасықта бір ағайын ас бергілі жатыр екен, соған барғалы жатырмын», – деді. «Е, Бунин Нобель сыйлығын алатын күні көлдің жағасына кетіп қалған екен, сіз мемлекеттік сыйлық алатын күні елдің ішіне кетіп барады екенсіз онда», – дедім жұмсақ қана әзілдеп. Ол өзіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілгенін жолда кетіп бара жатып естіді. Алматыға қайтып келу үшін талай жол. Амал жоқ, елдің бәрі қалта телефонмен құттықтап жатты. Бірақ, айтайын дегенім ол емес.

...Бір балаға өзінен жасы үлкендердің ызасы әбден өтіп кеткен екен. Басқа еш шарасы қалмаған соң: «Мен кейін үлкен болғанда сендерді Құдайға айтам!» депті шамырқанып. Біздің де он алтыншы жылғы көтерілісте, одан кейінгі ақ пен қызылдың аранында, отыз екінші жылғы ашаршылықта, отыз жетінші жылғы қуғын-сүргінде, екі аралықтағы босқыншылықта, қала берді кешегі Желтоқсан көтерілісінде де көргендермізді Құдайға айтқаннан басқа еш зиянымыз жоқ. Оның «Әй, дүние-ай» атты романы да сол, жүректегі сөз, басқа ештеңе емес дегім келеді.

## Жүсіпбек ҚОРҒАСБЕК

1961 жылы 3 ақпанда Әулиеағаш ауылында туған.

1984 жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетін бітірген.

«Қазақ әдебиеті», «Жас Алаш» газеттерінің бас редакторы болды.

Қазір Балалар мен жасөспірімдер басылымдарын біріктірген «Жас өркен» ЖШС-нің бас директоры.

1985 жылы «Жалын» баспасынан «Көгілдір керуен» атты әңгімелер жинағы, 1995 жылы «Жансөбіл» атты повестер мен әңгімелер топтамасы жарық көрді.

«Жансөбіл» кітабының негізінде түсірілген осы аттас көркемфильм киносценарийінің авторы.

«Қасқыр – Адам» повесі бойынша «Қазақфильм» киностудиясы «Талан» (2016-2017) көркемфильмін түсірді.

Соңғы жылдары «Жынды қайың», «Үлпілдек», «Көкжалдар» кітабы жарық көрді.

2001 жылғы «Тарлан – Үміт» сыйлығының иегері.

Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері (1998).



**Шығырдай шыр айналған тарихтың тегершігін кері жүргізсең, қазақ елінің жиырмасыншы ғасырдың басындағы 20-40 жылдарындағы көрген зобалаңдарының зардаптары тізбектеле кететіні бар. Ол әлі де сезілуде. Сол жылдардың кез келген айында дүниеге келген адамдар тұрмыстың бар азабын: аштықты, жоқшылықты, елдің жаппай қырылуын адамдар арасындағы жікке бөлініп тартысу, алапат адам қанынын қара судай соғысты көрді. Жаппай жүргізіліп отырған саяси ойындардың құрбаны болды.**

Қазақстанның тарихшылардың, зеріктеушілердің ізденістерінің арқасында халықтың санының азаюының басты себептері анықталғаны белгілі. Ел басына төнген 1930-1933 жылдардағы аштықтың салдары Алмалы мен оның төңірегіндегі ауылдарға да төнді. Осы жылдарда Қазақстандағы 6,2 млн адамның 2,1 млн аштықтан қырылды. Негізінен осы қиындықтың бәрін көтерген жарық өмір үшін күрескен сол жылдары дүниеге тірлік үшін тіресе күрескен буын ұрпақтарына қарыздар екенімізді ұмытпауымыз керек. Бұл жазылып отырған еңбек нардың жігін қайыспай көтере білген аға буын өкілдеріне ата-ағаларымыз бен әже-апаларымызға арналып отыр.

Сүйегі асыл тектілердің қатарынан келетін Дегдаш тәтеміздің сөзі де тың, жүрісі де ширақ, тоқсан асып, тоқсан бірге жүрген адамдай емес, езуінен күлкі кетпей, әзіл-қалжыңмен отырған адам. Біздің сөз еткелі отырған Дегдархан Рахманбекқызы 1927 жылы басын Тоқсанбай жобасынан басталатын тарам-тарам бұлақтардан алатын ағынды Қорғас өзенінің төменгі сағасындағы жидесі мен жидегі, тал-қарағашы сыңсыған Иінтал ауылында дүниеге келген. Сөз арасында айта кетсек, 1970 жылдардың ортасына дейін сол ауылда мал соятын орын болды. Кейіннен көшіріліп кетті. Бір қызығы нарықтық экономикаға көшкеннен кейін қысылтаяң уақытта сол Иінталда шоқы-шоқы болып қалған тұзды біршама ел тасып пайдаланып, қажетіне жаратты. Әке-шешесі қарапайым шаруа адамдары. Тегінде, жұт – жеті ағайынды деген халықтың сөзі рас. Күндіз-түні ары-бері сабылған ел. Кейбірі жан сауғалап, жан сақтап қаламыз ба деп Қытайға қарай өтіп бара жатса, бірі сүйретіліп кері келіп жатады.

«Шекара дегеніңіз екі-үш шақырымнан кейінгі Қорғас өзені, – деп бастады тәтеміз әңгімесін. – Сол кездегі ауыл адамдарының арасында өлім-жітім көп болатын. Денсаулық сақтау мекемесі мүлдем жоқтың қасы. Балалар, үлкендер көптеп қайтыс болып жататын. Оба, шешек, қызыл шығып, балалар қырылып кететін. Осы аймақтағы жалғыз сүйенеріміз, сенеріміз Өрмеке деген емші еді. Өрмеке – суанның Мырзагелді руынан шыққан емші, балгер адам болатын. Тау бөктеріндегі бұлақтармен, мына сайдағы (Алмалының солтүстігіндегі бұлақ) Бұлақ – Арасандағы сулардың әр түрлі ауруға шипалығын айтып, елге түсіндіріп отыратын. Кейбір бұлақтар сол кісінің есімімен «Өрмекеңің бастауы» деп аталады. Өрмеке ағамыз теміреткі, қотыр, көз тиген, сөз тиген, іш аурулары басқа көптеген дерттерді қарап, әр түрлі ем қолданып, жазып жіберетін. Ұзын бойлы, қара сұрлау кісі еді. Бір күні Садық бауырым қатты ауырып құлады. Ес-түсі жоқ, был-сылқ етіп, сұлық түсіп жатты.

Әкем жылдамдатып атпен Өрмекеге жіберді. Бірақ ол кісі үйінде болмай шығып, шешесі келді. Шешесі де емші, балгер кісі екен. Қара тауық таптырып алып келіп, басын кесіп тастап ұшықтады. Ұшықтаудың өзі кешкі іңір кезі. Күн қызылы тарамай тұрып жасалады екен. Сойылған тауықты басынан айналдырып, лақтырып тастады. Содан үйге кіргізіп, қымтап жатқызып қойды. Бұрынырақ, банды шығыпты, атып кетеді екен, тонап кетеді екен деген қаңқу сөзді естіп жүруші едік. Дәл сол күні банды деген бәле бізге де келді. Жер үйде май шаммен отырамыз.

да өткіздік.

Бар үмітін жаздан күтетін халық Бестөбеге тұқым сеуіп, ауыздан жырып дән екті. Әкем бізді де таң алакеуімнен тұрғызып қолқабыс жасауға ертіп алады. Арбаға шеккен ат болдырады деп алтыдан асқан мені арбаға отырғызбайды. Ыңырсыған арбанының артынан ернім кеберсіп еріп отырам. Бестөбенің биігіне қарай өрлегенде құлап қалмас үшін ат арбаның жақтауынан ұстап алып төбе басына шығамыз-ау, әйтеуір».

Дегдаш тәтеміз жаны қиналған азапты күндерді ойлана баяндайды. Уақыт ауырпалығы, қиын кезеңдер

## Дегдар Ана



Кешкі іңір кезі еді, қиюы қашқан есікті шик еткізіп, аузы-басын қара орамалмен тұмшалап алған мылтықты адам кіріп келіп, төрде ұзынынан түсіп демалып жатқан әкеме мылтықты тақап: «Қозғалсаң атам» деді. Әкем әлгінің жылтыраған көзіне қарап қойып, тырп етпей жатты. Шешем сыртқа шықса, сырттағы атты біреуі байлауын шешіп биені жетегіне алыпты. Шешем Бұбайша әлгіге жүгіріп барып: «Қайда апарасың, бермеймін» деп шаужайына жармасып, одан болмаған соң үйге кіріп әкеме айғайлап, «неге жатырсың аналардан малды алып қалсаңшы» десе де былқ етпеді. Әлден соң «кете берсін, мен оларды танымын» деді де қойды. Қу жан-ай десеңші бір мылтықтың аузына мың адам сияды деген шын екенінен көзім сонда жетті. Шешем жүректілік көрсеткенмен әкемнен асып ештеңе істей алмады. Әкемде малым жанымның садақасы, бала-шағам аман болсын деді-ау деймін. Қиынқыстау ол күндерді де өткердік. Қиындыққа төзіп, тапқандарымызды талғажау етіп, ол нәубетті жылдарды

балаларды да ерте есейтіп жібергендей. Сол кездегі балалар балалық кез дейтін балдәурен шақты өткеріп көрді ме екен?!

«Жаңадан отырықшылдыққа көшіріп, кеңес өкіметі балаларды жаппай мектепке тарту жұмысын жүргізе бастаған шақта қатарластарымнан қалмай 7 жасымда оқуға кіріп, он бір-он екі оқушы бар класта оқыдық. Қағаз, қалам тапшы. Хат тани бастаған кез. Айтқазы соғысқа кеткен. Әйелі Жанымбүбі сағыз құмар еді. Қарабастау суының арнасының орта шенінде тассағыз көп болады. Соны әкеліп, Жанымбүбіге жинап беріп, Айтқазының есеп-қисаптары жазылған сарғайған қағаздарына айырбастап алып, латын қарпімен жазамыз. Бесінші сыныпта оқып жүргенде Аманжолов Әскен, Ақынтаев Мұхаметқали, Ақынтаева Әсия, Көбіков Хамит (кейіннен Ұлы Отан соғысының батыры), Садықов Қожахмет сабақ берді. Көптеген ел-азаматтарын біліммен сусындатқан Қ.Садықов 1937 жылы «халық жауы» деген жаламен ұсталып кеткен.

Сондағылары жапон шпионы деген желеулемен сабақ үстінде «Жаупин алып кетеді: биыл оқып алындар» және «Кеңес өкіметі құрысын, Мекалай заманы құрылсын» депті-мыс. Неткен заңсыздық заман. Жыртығымыз бүтінделіп, тамағымыз тойына бастағанда ел-жұртты азаматынан айырып сұм соғыс басталды. Оқу жайына қалды. Бала-шаға, үлкен-кіші демей, бәрін майданға береміз деген ұранмен күндіз-түні еңбекте жүрдік. Орақ орып, бау байлаймыз, астық бастыруда жүреміз. Мына Дөңгенеден түңгі бірлерден кете қайтамыз. Сол 1942 жылдары колхоз Алмалының айналасына күнжіт, мақта екті. Соның бәріне араластық. Көбіне сұлының ұнымен жүрек жалғаймыз, ашқұрсақпыз. Қазір қарап отырсақ, ажал аузынан да қалыппыз. Ол кезде өлеміз-ау деген ой мүлдем жоқ. Бестөбенің биігінен түсіп келе жатып, арбаның дертесі үзіліп кетіп, атты сыңар езулетіп айдай жөнелді. Арбада отырған Анаш құрбым жерге оқтай құлап түсіп, орта жолда ол қалды. Арбақешіміз Айтқазы теңкейіп ол бір жерге түсіп қалды. Жаным мұрнымның ұшына келді. Арба тік кетті. Бар ойлағаным арба сынып қалса, ертең жұмысқа немен келеміз деу болды. Соғыс бар ауыртпалығын ауылға салғандай жүретінбіз. Майданнан қара қағаз келіп жатады. Боздағынан айырылғандарды көріп қабырғаң қайысады. Кешегі күнгі мұғаліміміз Әсияның күйеуі майданға кетіп, қарақан басы қалды. Ауылдың қозы-лағын жинап бағып күн көреді. Әкеміз көмектесіп, күнделікті нанын беріп қоятын. Соғыс біткен соң, ел жағына кетті ғой деймін. Тағдырдың жазуы ғой. Майдан хабарларын ауылдың ортасындағы бағана басындағы қалпақ (репродуктор) радиодан естіп, жұмыстағыларға шамам келгенше жеткізіп отыратынмын. Кей мезгілде жазғы-күздегі жиын-терін аяқталған кезде бір үйге жиналып қолғап, шұлық, жүннен жемпір тоқитынбыз. Соғыста жүрген жауынгерлерге көмекке алып кететін.

Аһілеп-үһілеп отырып әйелдер:

Ахау-айдай қиғаш қас.

Герман болды бізге қас.

Герман үшін туылған

Бақыты жоқ өңкей жас.

Абанымыз, абанымыз,

Жаяу жүрсек ауырар табанымыз.

Төңіректің төрт бұрышын алдау соғыс,

Енді қандай болады заманымыз, – деп іштегі күйікті әнге қосып, шерленіп отыратын.

Енді бірде тағдырдың жазуына шара бар ма бәріне көнейік, бір жақсылығы болар деп:

Ахау-айдай Гүләйім,

Неге керек уайым.

Бір жазуға салды ғой,

Жаратушы құдайым.

Сабыр түбі – сары алтын

Ақырына шыдайын, – деп өзеріне-өздері тоқтау салатын. Немістермен қызу соғыс жүріп жатқан кезде Қытайдан отар-отар қой келетін. Қорғас өзенінің орта тұсынан жоғарырақ екі жағы сыңсыған тоғай арасынан салынған аспалы көпір арқылы Кеңес өкіметіне көмек ретінде өткізілетін. Импорттың қойы дейтінбіз. Оған бүкіл колхоздың қыз-келіншегін жинап апарып, жабылып жүріп ұстап жығып, жүнін қырқып, қағып сілкіп жинап, қаптап арбаға салып жөнелтететінбіз. Қойды мал айдаушылар Семейдің ет комбинатына өткізуге айдап кететін. Ол да бір қиын-қыстау кез екен-ау. Адам үмітін ешқашан үзбейді емес пе? Соған төздік. Қара бұлттың серпіліп, жарқырап күн шығарына сенім болды. Ол күндерге де жеттік.

Адам басынан қилы-қилы қызықтар өтеді емес пе? Менің тұрмысқа шығуымның өзі бір қызық дүние», – деп тәтеміз бәрімізді бір күлдіріп алды.

«Әкем жасы үлкен кісі болғаннан кейін соғысқа алмады, колхоздың қойын бақты. Колхоздағылар ара-тұра көмектесуге мені жіберетін. Соғыс бітіп ел тыныштала бастады. Әкемнің қиын-қыстау жылдардағы еңбегі ескеріліп, орден алды. Бір күні үйге Дәулетбек жүгіріп кіріп, қолымнан жетектеген күйі үйдің артында күтіп тұрған атты адамның артына миңгестіре салып, алып кетті. Сөйтсем Оразымбек екен. Бұрын сөйлесіп жүргеніміз болмаса, ол күні алып қашады деген ой болмады. Миңгестірген аты былай шыға бере мөңкіп кеп берсін, біраздан соң әрең басылды. Оразымбектің белінен тас қып құшақтап алып, құламай қалдым. Сондағы мені мазақтаған түрлері «Құйыршықты көп жегенсің, содан кейін атың мөңкігіш» дейтін де өздері мәз болып күлетін.

Адамның өмірі артыма қарасам ұсақ-түйектерден тұратындай, бірақ біз кешкен дүниені небір данышпан да, батыр да, билеушілер де басынан өткерді емес пе? Мен мына өзіммен соларды салыстырам. Егер аласапыран заман, аштық, соғыс болмай, тынымсыз еңбек етпей оқып, білім алсақ, бізде бір жерден шығар едік қой».

Тәтеміз кейде осындай ойшылдыққа да барып қояды. Жасы келсе де, жадынан жаңылмай, саналы ойға барып, отырғанына таңданбасқа шараң жоқ.

«Күйеуім қарапайым, кішіпейіл адам болды. Сыйластықпен отыз жыл тату-тәтті өмір сүрдік. Ауылдағы қатарластарымызбен араласып, жақсылығына жарыса қатысып, қайғы-мұңдарына сүйеу бола білдік. Шаруашылықтың жұмысы шексіз таусылмайтын аласапыран еді ғой. Үш қызымды, үш ұлымды дүниеге әкеліп, тәрбиелей жүріп, жұмыстан қол үзбедім. Қой қырқып, егін орып, астық бастырып бау-бақша бригадасында, алма бақта жұмыс жасадым. 70 жылдары осы Басқұншыдағы мектептің интернатында күзетші де болып істедім. 1975 жылы күйеуім қайтыс болды, адам маңдайына жазылғанды бастан өткерген екен. Тығырыққа тірелген шақтардың өзінде саналы адам одан шығудың жолын өзгеден емес, өзінен іздеу керек. Қиын күндердің өзінде алты баланы бағу үшін тауық өсіріп, жұмыртқасын пұлдап, қазақи қойдың жүнін тазалап, иіріп, шұлық, қолғап, кіржуа тоқып, оларды сатып азық-түлік, киім-кешек, қағаз-қалам, кітаптарын әперіп бағып – қағып жеткіздім. Шыдамдылықпен бәрін көтере білдім. Уақытты, мезгілді өз қажетіне қарай дұрыс пайдалана білгенге, өмір қысқа емес. Тоқсаннан асқан жасымда 16 немере, 21 шөбере, 1 шөпшек көріп отырмын. Бәрі әжелеп алды-артымнан шығып жүр. Баяғыдағы көрген қиындық-құқайларымының өтеуі осы шығар. 1978 жылы зейнетке шықтым, бірақ 1998 жылға дейін жұмыстан қол үзбедім. Мемлекет те елге еткен еңбегімді бағалап, 1978 жылы 16 мамырда «Еңбек ардагері» медалімен, Президент жарлығы бойынша «1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 50 жыл», «Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске 60 жыл», «Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске 65 жыл» мерекелік медальдармен марапаттады. Оның сыртында бала-шағам тоқсан жылдық тойымды шөберемнің 1 жасқа толуымен қоса өткізуі мені қатты марқайтты».

«Өткенінді ұмытсаң, өшкеніңнің белгісі, өткеніңді еске алсаң, өскеніңнің белгісі» деген өшпес сөз бар халқымызда. Сол замандағы өткен оқиғаларды тізбек-тізбегімен адам аттарын жаңылмай атап, тап басып мезгілімен, уақытын жаңылмай айтып отырған сұңғыла жан, тарихтың бізге қалдырған сыйы іспеттес.

Меніңше, бақытты болу деген қалаған еңбекті істеп, соның сүйіспеншілігіне бөленіп қартаю сияқты. Өз еңбегіңнен өзің ләззат алмасаң бәрі бекер. Дегдаш тәтеміздің азан шақырып қойылған аты Дегдархан. Дүниеге шыр етіп түскенде ана құрсағынан алып кіндігін кескен Қиуа есімді анасы тілі сақаулау кісі екен. Дегдархан дегенге тілі келмей «Дігідаш» дейді екен. Кейін ел Дегдаш атап кетіпті. Қазақта «Дегдар» деген сөз «текті», «тұқымы асыл» дегенді білдіреді. Әлі де ұршықша үйіріліп, жүріс-тұрысын тіп-тік қалпы ұстап жүрген Дегдархан тәтеміз нағыз тектінің, асылдың ұрпағы. Айналасындағы үйірімен жүрген немере, шөберелерімен, енесінің қасқабағын әлпештеп отырған екі келіні мен немере ұлдары нағыз бақыт құсын қолдарына қондырып отырған жандар. Дегдархан Анаға қарсы алып отырған тоқсан екінші жылыңыздың көктемі несібелі болсын дегім келеді.



**Молот  
СОЛТАНАЕВ**



**Шойнақ Алданұлы (1800-1870) – Суан тайпасының Әпсүгір руынан шыққан батыр, әулие адам. Шойнақ шыр етіп дүниеге келген сәтте тыптынық бұлтсыз аспан күн күркірегендей «гүр-р» етіпті. Бір көріпкел ақсақал: «Мына бала бұл өмірден күркіреп өтеді екен», – депті. Шынымен-ақ Шойнақ ел қамын жеген батыр болып, өмірден күркіреп өткен екен. Батырдың денесі алпамса, еңгезердей болғандықтан, даусы да гүрілдеп шығады екен.**

Батырдың халқына сіңірген басты еңбегінің бірі, қытайлар қолға түсіріп алып кеткен аға сұлтан Тезек төрені Қожбанбет бидің жұмсауымен қуып барып, босатып алғаны. Сол арқылы сұлтандыққа таласқан ру тартысын қиян-кескі шайқасқа жібермей, ел бірлігін сақтап қалған.

Шойнақ еш жаудан тайсалуды білмеген. Қандай жауға шапса да немесе барымташыларды артынан қуып барса да, өз атын атап: «Шойнақ! Шойнақ! Шойнақ!» деп ұрандатқанда, күндей күркіреген дауыстан жауларының иманы ұшып, тым-тырақай қашатын болса керек.

### «Шойын-ақ»

Шойнақ шыр етіп дүниеге келген сәтте тыптыныш бұлтсыз аспан гүр еткендей болады. «Иә, пірім» – деп шошынып қалады жұрт.

– Күннің көзі шақырайып тұрған шақта ол күркірейді екен-ау, – деп жағаларын ұстапты.

Топ ішінде бір көріпкел ақсақал бар екен.

– Мына сәби бұл өмірден күркіреп өтеді екен, – депті.

Сол балаға ат қоюға молдаға апарды. Ол заманда қазіргідей мешіт жоқ. Киіз үйдің төрінде отырған молдаға жаңа туған нәрестені шүберекке орап, екі қолымен көтеріп апар жатқан адам:

– Ой, мына бала неткен ауыр. Шойын-ақ қой, – депті.

Молда дұғасын оқып, нәрестенің бар рәсімін атқарып:

– Ал, бара беріңдер, – дейді.

– Оу, ат қойған жоқсыз ғой. Нәрестені кім деп атаймыз? – дейді әлгі жігіт.

– Баланың салмағын «Шойын-ақ» деп өзің дәл айтып келдің. Аты да солай болсын. Баланың атын Шойнақ қойыңдар, – депті молда.

Шойнақ осылайша Шойнақ атанып кетсе керек. Ол еңгезердей алпамса болып өскен шағында дауысы да гүрілдеп шығады екен. Шойнақтың тұлғасын көрген қариялар:

– Апырай, бұл туған күні-ақ тұнық аспанды гүрілдетіп келіп еді. Дауысы да сонадай болыпты, – деп таң қалып отырады екен.

### Шойнақтың сыннан өтуі

Ат жалын тартып мініп, жауға шауып, батыр атағы шыға бастаған Шойнақты ауылдастары мынадай сыннан өткізеді.

Бір жылы Шойнақ ауылы бейіт маңындағы жазықта отырса керек. Сол жылы күзде дала

# ШОЙНАҚ БАТЫР

жауынды, аспан түнеріңкі, жел азынап, осы қара суықтан әбігер болады. Жақын маңда отын да таусылады.

Осындай қиналған шақта Шойнақтың батырлығын сынағысы келген ауылдастары:

– Уа, батыр, отын таусылды, бала-шаға бүрсеңдеді. Бейіттің ағаш қорасынан отын әкелмесең, хал қиын, – дейді. Мұндай жағдайды өзі де көріп жүрген Шойнақ «Жарайды» дейді де, бейітке кетеді.

Ауылдастары сол екі ортада біреуді ақ киімге орап, бейітке жасырын жібереді. Ештеңемен ісі жоқ Шойнақ бейітке келіп ағаш қораны бұза бастайды. Сол кезде әлгі ақ киімді адам әруақ сияқты атыла шығып, «Әй» деп шап береді. Шойнақ одан үрку орнына өзіне тұра ұмтылып, қағып жібереді.

– Өлі әруақ түгілі тірі әруақтар бүрсеңдеп жаурап жатқанда, саған не жоқ, ә! – деп гүр ете қалады. Сөйтеді де сындырған ағаштарын арбаға тиіп, жөнеле береді.

### «Құнаным итке де жеткізбейді»

Шойнақтың сегіз-тоғыз жастағы кезі екен. Жазда оның ауылы «Бел жайлауда» отырыпты. Сонда бір күні ұлан асыр той болып, палуандар жарысы, ат бәйгесі өткізіледі. Шойнақ той басындағы ақсақалдарға келіп:

– Ат бәйгеге құнанымды қосқым келеді, – депті.

– Бар, бала, далаға ойна! Өзің не айтып тұрсың?

– Атқа қосып, құнанды жарыстырғанды қайдан көрдің, – деп ақсақалдар көнбейді.

Сол тойға бір қырғыз манабы қатысқан екен.

Ол Шойнақтың талабына таң қалып, одан:

– Балам, құнаның қалай шабушы еді? – деп сұрапты.

– Құнаным бір ауылдан бір ауылға қарай шапқанда абалап үріп, қасқырдан бетер жүйткіген иттерге де жеткізбей кетеді, – дейді Шойнақ.

Баланың бұл жауабына риза болған манап қояр да қоймастан Шойнақтың құнанын бәйгеге қостырады. Сол жарыста құнан мініп, өзге бәйге аттарынан оқ бойы озып, «Шойнақ! Шойнақ! Шойнақ!» – деп ұрандап келсе керек. Аңтаң қалған ақсақалдар бас бәйгені Шойнаққа беріпті.

Бұл – Шойнақтың осындай деп ұрандауының алды екен. Содан былай ол өзінің Шойнақ атын ұран етіп алыпты. Жауға шапса да, сайысқа түссе де, сол атын гүрілдеп айқайлай айтып, ұмтылады екен.

### Шапқынмен келген шапқынмен кетеді

Шойнақ жігіт кезінде Қоянбай деген байдың малын жыл сайын айдап кете береді. Бір жолы шауып келе жатқан аты өліп, қолға түсіп қалады.

– Батыр екеніңді білейін, шыныңды айтшы? Менен айдап әкеткен жылқың қанша болды? – деп сұрапты Қоянбай.

– Бұл сұраққа мен де шынымды айтайын, – депті Шойнақ, – шапқынмен келген жылқы сол шапқан күйі тоқталмай кетеді екен. Менде қазір бір де малың жоқ.

– Қанша балаң бар?

– Балаларым да жоқ, – дейді Шойнақ.

Тақыр кедей Шойнақты аяп кеткен Қоянбай:

– Батыр, сенің тас секілді берік екеніңді көріп тұрмын, болашақта екі мықты ұлды болатыныңды біліп тұрмын. Шын байлығың солар болар. Ол балаларыңның атын Байтас, Жантас қой, – деп бата беріпті.

Шойнақта шынында да екі ұл болып, оларды Байтас, Жантас деп атапты. Ал өзі содан бастап қай жорыққа шықса да Қоянбайдан бата алып шығыпты.

«Кеңсай» саяжайына келіп тоқтаған алпысыншы нөмірлі автобустың ішінен бір топ адам түсті. Күн кешкіріп қалған. Қанша жаз мезгілі дегенмен де бойды шымырлатар сәл салқындық бар. Көкке оранған Іле Алатауының жондана біткен белестерінен танауды қытықтаған түрлі жұпар иістер аңқиды.

Автобустан ең соңғы болып шыққан Арман аялдамадағы дүкеннен бір бөлке нан мен қалбырға салынған балық алды. Сосын өзі жарық дүниеге келмей тұрып салынған, бұл күндері асфальт деген аты ғана болмаса, затының жұқанағы да қалмаған қара жолға түсті. Жұмыстан шаршап шыққандықтан өрге қарай әрең ілби басып келеді. Аялдамадағы адамдар қауіптен қашып ініне асыққан тышқан тәрізді жан-жаққа бытырай жөнелген екен. Тек бұның алдында ғана сұлбасы ағараңдап бір адам кетіп барады. Төбені жалдап әлі бірталай жүретін болғандықтан Арманның әлгі адамды қуып жетіп, тілдескісі келді. Жол қысқарсын деген ниетпен. Екі аяққа бар күшті сала, жылдамдата түсті. Жақындай бере байқады, қыз бала екен. Екі қолында да көкөніс салынған қызыл целлофан қапшық.

Салмақты болса керек әлсін-әлсін тоқтап, демалады. Арман да таяп қалған. Қыз қапшықтарын қолына алып енді қозғала бергенде:

– Сізге көмек керек пе? – деді Арман ақырын ғана тіл қатып.

– Жоқ, рахмет. Өзім-ақ көтерем ғой, – деді қара торы өңінен бір ерекше жылулық сезіліп тұрған қыз.

– Қысылмай-ақ қойыңыз, қарындасымсыз ғой.

– Жо-жоқ, болды. Өзім-ақ...

– Әлде қорқып тұрсыз ба? – Бұл Арманның аузынан абайсызда шығып кеткен абыройсыз сөз еді. Өзі де ыңғайсызданып қалды. – Кешіріңіз, – деді сосын, алдыңғы сөзін жуып-шайғандай болып.

– Қорқынышты кинода ойнайтын актерға ұқсамайсыз, – деген қыз жағымды күлкісімен жымия түсіп. Артынан: – Әуре болмай-ақ қойыңыз, – деді.


«Сізден қорқып не бопты, тәйірі. Сіз сияқты жігіттердің талайын көргем. Сондықтан сырларыңызға қанықпын десем де болады. Сізге қазір көмектесіңіз десем, сәлден соң сіз менің атымды сұрайсыз, сосын қоштастарда телефон нөміріңді бер деп жабысасыз. Зачем мне лишние проблемы?» – деген қыздың ішкі ойы қолындағы қапшығын қайтадан жерге қоя бергенде.

– Кешіріңіз, онда, – деді тағы да аузына сөз түспеген Арман. Қыздың қолындағы заттардың ауыр екені белгілі. Арман не кете берерін, не көмектесерін білмей бірер секунд тұрып қалды.

Қарақат жігітке көз тастаған. Қасынан өтіп бара жатып. Тұлғалы екен. Көздері шоқтай жайнап тұр. Жақ сүйектерінде қырып алар ет жоқ. Сөзі де жасанды емес секілді. Тым жұмсақ. Бірден жүрегіңе тиетін әуезді. Жағымды. Қарақат тілін

# ҮМБЕТ

(әңгіме)



тістей қойды. «Қап, мына сөзді бекер айттым-ау». Өкініп қалды. Енді ол жігіттің «көмектесейін» деп екінші мәрте өтінбесі анық.

Арман басын шайқап қойды. Бірақ көңілінде кейістік жоқ еді. Ауыр қапшықтарынан бір жағына майыса кетіп бара жатқан қызға жазықсыз жанарымен қараған. Сүйсіне, тамсана. Мүмкін, құмарта. Арман өзі де түсінбеді. Бірақ әйтеуір бір тылсым сезімнің тұла бойын шымырлатып өткені анық.

Қарақатқалайдажігіттіңекіншірет өтінуін бар жан-тәнімен қалап келе жатыр. «Енді тағы да көмектесуге ниет білдірсе қолына өзім-ақ ұстата салар едім». Қолындағы қапшығының ауырлығынан емес. Айырылып қалғысы келмегендіктен. Артына қайырыла салып танысып алайын десе қыз балаға тән ибасы жібермейді. «Ағаш бұтақтарындай тармақталып кеткен көп жолдың біріне түсіп, басқа бағытқа бұрылып кетсе қайтем? Қап, менде де ес жоқ. Жиырмадан асқанша жігіт баласына қолымды ұстатып көрмеген жабайылығымнан шығар осының бәрі. «Түсі игіден түңілме» деп демалысқа барған сайын әжем айтып отырушы еді. Көргені көп сияқты мына жігіттің. Бір қызды аялап отыруға шамасы жететіндігі де сезіліп тұр емес пе. Түү, ал саған Қарақат, енді тағы да керіл. Тағы да адасып қал, бақытқа жетелейтін бағдарыңнан. Енді ол жігіт өліп кетсе де саған көмек қолын ұсынбайды. Әй, баламысың деген-ау, осыншама шала болармысың. Жап-жақсы жігіттен қарадан-қарап айырылдым».

Қолы талған Қарақат қызыл пакетті жерге қойды. Біраз белін жазып алмақ ниетпен. Жоқ, негізі олай емес, артына бір бұрылып

қарағысы келген. Аңсары ауған. Жігіт жүзім мен шырмауық жайлаған беткейге қарап келе жатқанда Қарақат ұрлана көз тастап үлгерді. «Аңғал секілді. Шіркін-ай, енді бір рет қана «қарындас көмек керек пе?» деп сұраса ғой. Жанымды қайғыға салар арманым болмасаң екен. «Арман». Ия, сіз маған армансыз...» Қарақат тәтті қиял жайлаған санасындағы шиыртпақ ойлардан арыла алмады.

«Мына қиқар қыздың мінезі қызық екен өзі. Оңайшылықпен илікпейтін сияқты. Бірақ қылығы жағымды екен. Биязы. Бәрінен де көздерін айтсаңшы, көздерін. Егер де осы қыз менің мәңгілік жарым болса, онда атын атамай «Ботагөз» деп еркелетіп өтер едім. «Ботагөз», «Ботагөзім менің», «Боташым». Жоқ, бұл ат оған сай келмейді. Көздері онша үлкен емес қой. Есесіне мойылдай қара. Не десем болар екен?.. О, таптым, таптым. Мен бұл қызды «Қарақат» деп атар едім». Жан дүниесі әндетіп сала берген. «Қарақат көзді қарағым, Аймалап ескен самалым, Шарлатқан шаттық аралын, Маралымсың». «Міне, енді өзіне жарасып-ақ кетті. Құдай-ау, аршыған жұмыртқадай болған түріңнен айналайын, қарғам. Сөмкеңізді жерге қоюңызға қарағанда қолыңыз талды-ау деймін. Көмектесейін десем тағы да тоқымыңызды бауырыңызға алып тулайтын шығарсыз. Не істесем екен? Жанынан үндемей өтіп кетсем, ыңғайсыз болар. Түү, әбден есім шықты ғой. Әй, не де болса көрейін, бәрібір жоғарыға шығатын болса жалғыз өзі қорқады».

– Тағы да кешірім өтінемін, сіз әлі де жоғары көтерілесіз бе? – деді Арман екі қапшығын жерге қойып, тыныстап тұрған қыздың жанынан өтіп бара жатып.

– Ә, иә, әлі де біраз жоғарыға көтерілем, – деді қыз жанарын бұдан алып қашып.

– Бір өзіңіз қорықпайсыз ба?

– Қасымда сіз сияқты атпал азамат тұрғанда неден қорқамын? – деді қыз төмен қараған күйі езуіне күлкі үйіріп.

Құлығы жоқ қарапайым қыздың өзінің бір ауыз сөзі әккі жігітті тақырға отырғызуға жетіп жатыр емес пе. Нысанаға дөп тиді.

– Ендеше көмектесейін.

Қыз бұл жолы тулаған жоқ.

– Мейліңіз, – деді ақырын ғана естілер-естілмес.

Екеуі аяңдап келеді. Қыз целлофан қапшықтан талған қолын сілкілеп-сілкілеп қояды. Арман ретін тауып сөйлейін деген, бірақ неден бастарын білмеді.

Үндемеген қалыптарында біраз жүрді. Рас, екі-үш мәрте жанарлары түйісіп қалған. Бірақ, ұялшақ көздер тез тайқып кетті. Әлден уақытта қыз қасындағы жігітке бір-екі рет қарап алды да:

– Аға, – деді. Дауысы дірілдеп шықты.

– Әу. – Сан-сақта сайрандап жүрген ойларын бір шыбықпен айдап әкеліп санасының қорасына қамады.

– Ә-ә-ә, жәй әншейін. Ренжімеңіз.

«Махаббаттың бұл дүниеде барлығына жүрек шіркін сенбесе, емі не деп сұрасам қалай жауап қатар еді...»

Арман жеңіл күрсінді.

«Е, қарындасым-ай, махаббат деген Алланың мейір-шапағатын адамға жеткізуге жерге түскен сезімнің көзге көрінбейтін пайғамбары ғой, – деді іштей толқып. – Бәріміз де сол сезім пайғамбарының үмбеті боламыз».

Ащы ішектей шұбатылған сол үнсіздік. Кенет қыз тоқтады. Межелі жерге жеткен болуы керек. Қарақат көзін төңкере қарап, сол қолымен алма ағашының арасында сұлбасы қарауытқан үйді нұсқады.

– Анау менің үйім.

– А-а, алқаш Андрейдің үйін сатып алған сендер екенсіңдер ғой?..

– Ал, сау болыңыз!

– Сау бола ғой, қалқам.

Жылы қоштасты. Ол өрге қарай жылжыған. Арада үш минуттық уақыт өтпеді. Таныс дауыс:

– Ағай!

Арман артына жалт бұрылған. Сұлбасы қарауытып Қарақат тұр.

– Телефон нөміріңізді бере алмайсыз ба?

– ...



Дархан БЕЙСЕНБЕКҰЛЫ

## «ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ» ГАЗЕТИ

Меншік иесі: «БАҚ» ЖҚ

Директор – Дархан БЕЙСЕНБЕКҰЛЫ

Бас редактор – Молот СОЛТАНАЕВ

Бас редактордың орынбасары –

Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ

Дизайнер – Әділет МҰСАХАЕВ

Газеттің эл.пochtасы:

[jar-aina@mail.ru](mailto:jar-aina@mail.ru)

➤ Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 13.09.2018 ж. тіркеліп, №17270-Г куәлігі берілген.

➤ Газет «Жаркент айнасы» компьютер орталығында теріліп, беттелді.

➤ Газет индексі - 65161

➤ Автордың материалдары редакцияның көзқарасын білдірмейді.

➤ Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.

➤ Газет «Алматы-Болашақ» АҚ басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көш, 223 В Тел/факс: 8 (727) 3784008. Офсеттік басылым.

➤ Нөмірдің таралымы: 1000 дана

## Мекен-жайымыз:

Алматы қаласы,

Қабанбай батыр көшесі 147, 22 офис

Алматы облысы, Жаркент қаласы,

Е.Сыпатаев көшесі, 242 үй, 14 пәтер

Тел.: 8/705/412-78-48;

8/705/277-16-91;

8/777/971-57-67

Газет екі аптада бір жарыққа шығады.

Тапсырыс: №379

